



# ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Тарихи антропологияның заманауи  
мәселелері





**Мақсаты:** «Тарихи антропология» даму үстіндегі ғылым саласы, сол себептен оның заманауи мәселелері көп. Белгілі дәрежеде бұл бүкіл әлеуметтік ғылымдарға тән. Осы дәрісте біз бұл пәннің айрықша зерттеу алаңы, ерекше проблематикаларын қарастырамыз.

## Негізгі идеялары:

### 1. Тарихи антропологиялық зерттеулердің проблематикасы

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Тарихи антропология мэтрлері, атап айтқанда, А.Бюрдьер, Ж.Ле Гофф, А.Я.Гуревич, бұл бағыттың өзіндік айрықша зерттеу алаңы, ерекше проблематикасы жоқ екенін бірнеше мәрте атап өтті. Шынымен де, тарихи-антропологиялық зерттеулер тақырыбы өте әралуан. Соған қарамастан, соңғы онжылдықта тарихи-антропологиялық тәсіл айтарлықтай жемісті болған бірнеше проблемалық тұсын бөліп көрсетуге болады. Тарихи антропологияның бұл тақырыптық бағыттары бойынша жол сілтеуші ретінде А.Бюрдьердің 1986 жылы “Словарь исторических наук” жинағында жарық көрген мақаласын пайдаланамыз.

Бюрдьер тарихи антропологияның мынандай түбегейлі бағыттарын атайды:

- дене, өмірді және өлімді, сексуалды қарым-қатынасты, т.б. қабылдауға қатысты материалдық және биологиялық антропология;
- француз тарихшысының айтуынша, көбінесе әлеуметтік, моральдық, діни іспетті, экономикалық қатарға жатпайтын факторлардың әсерімен қалыптасатын “экономикалық дағдыларды” зерттейтін экономикалық антропология;
- отбасылық және туыстық құрылымдарды назарда ұстайтын әлеуметтік антропология;
- мәдени және саяси антропология: бұл айдарда Бюрдьер, бір жағынан, халықтық наным-сенімдер мен рәсімдерді зерттеу; екінші жағынан, билік тарихына антропологиялық тұрғыда келу тәсілдерін біріктіреді. Алайда, бұл біріктіру жасанды сияқты болып көрінеді: бұл екі бағыттың маңыздылығы сонша, әрқайсысы жеке қарастыруды қажет етеді.

Физикалық антропология саласындағы тарихи зерттеулер бүгінде үнемі ұлғаю үстінде. Мұнда қарастырылатын мәселелер бойынша тарихшылар тек өзге де гуманитарлық пән (психология, этнология) өкілдерімен ғана емес, сонымен бірге, жаратылыстану ғылымдарымен, ең алдымен, биологиямен және медицинамен айналысатындармен қызу диалогқа түсуді қажет етеді. Физикалық антропологияға, жекелей айтқанда, тамақтану тарихы, науқас тарихы, т.б. жатады. Тамақтану рационы, антропометрикалық көрсеткіштер (бірінші кезекте, бойдың өзгеруі).

### 2. “Тарихтағы адам” мәселесі

Тарихи антропология жөнінде бұған дейін жазылған нәрселерді жүйелендіруге бағытталған таяудағы талпыныстар тарихи антропологиядағы тұжырымдамалық аясы өте бұлыңғыр жарияланымдар қатарының үздіксіз артуына орай олардың редакциялануы болды. Солардың бірін венгер тарихшысы Герт Дрессель қолданды және оны сәтті болды деп айтуға келмейді. “Историческая антропология. Введение” атты көлемді кітабында ол “Тарихтағы адам” мәселесіне қатысты әртүрлі пікірлерді жинады. Нәтижесінде, қарастырылып отырған мәселе бойынша сан алуан көзқарастағы, әр ел зерттеушілері дәйексөздерінің калейдоскопы келіп шықты. Бұл дәйексөздер біресе тақырыптық айдарларға (отбасы, туысқандық, өмір кезеңдері, т.б.), біресе тарихи антропологияның жекелеген сипаттарына (“мәдениет” оның негізгі ұғымы, салааралық, т.б.). Кітапта осы бейберекет әртүрліліктің барлығын реттейтін қандай да бір авторлық позиция жоқ.

Р. ван Дюльмен жазған балама шолу әлдеқайда жүйелі болып шықты. Шын мәнісінде, оқырманға Германия мен басқа да немістілді мемлекеттерде тарихи антропологияның қалай қалыптасып, қалай дамығандығының қысқаша очеркі берілді. Алайда автор бұл бағыттың өзіндік оригиналды тұжырымдамасын автор ұсынған жоқ.

Ақырында, басқа ғалымдар тарихи антропологияда терминологиялық дәлдіктің жоқтығын айта келе, оның орнына, антропологиялық бағдардағы әлеуметтік тарих үшін жаңа “ту” роліне лайықтыны



Кітап: Тарихи антропология  
Дәріс: Тарихи антропологияның заманауи мәселелері  
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

іздейді. Осылайша, Райнхард Зиддер тұжырымдамалық тұрғыда тарихи антропологияның күнделікті өмір салты тарихынан (Alltagsgeschichte) ешқандай айырмашылығы жоқ екенін және оның “тарихи ғылымның дисциплиналық немесе субдисциплиналық мағынада айқын кескінделген ғылыми алаңы” еместігін орынды атап өтті, әдістемелік балама ретінде “мәдениет туралы тарихи ғылым” терминін ұсынды (Historische Kulturwissenschaft)<sup>31</sup>. Өз кезегінде, М.Дингес тарихи антропологияның өзіндік парадигмасы жоқтығын атап өте отырып, күнделікті өмір салты тарихын жақтады. Осылайша, ХХІ ғасыр табалдырығында Германия тарихшылары пікірталасының жаңа айналымы басталды, бұл жолы ол тарих туралы осы жаңа ғылымның мақсаты мен маңызы төңірегінде өрбиді

### Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

### Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып. 1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитонова. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodology. Chicago, 1965.